

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

---

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

#### **СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ**

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ**

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

**10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ**

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

**СЕКЦИЯ 11****АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

сондай-ақ халықтың құқықтық хабардарлығын арттыру қажет. Тек осы тәсілмен адам құқықтарын қорғау мен қоғамдық қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге болады, бұл заңды және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Турецкий Н.Н. Необходимая оборона. Монография. Под общей редакцией Ш. Шаяхметова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2018. – 192 с
2. Юсупова Г.Х. Судебная практика Верховного Суда Республики Казахстан как гарантия прав личности в уголовном процессе // Конституционно-правовые проблемы уголовного права и процесса. – 2010.
3. Кожобаев Ж.О. Преступное нападение как основание применения необходимой обороны // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2009. – №4(52). – С.135–140.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014жылы 3шілде № 226-V ҚРЗ. [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1686>
5. Кожобаев Ж.О. Преступное нападение как основание применения необходимой обороны // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2009. – №4(52). -С.135140.
6. Айтбаев Н. Когда угроза неминуема // Параграф. Юридическая газета Казахстана. – 2016.

УДК 343.98

## ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІЛ ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ МӘСЕЛелЕРІ

*Төрехан Арайлым Әділханқызы*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті «Сот-прокурорлық және тергеу криминалистикалық қызметі» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті.*

*[torekhanarai10@gmail.com](mailto:torekhanarai10@gmail.com)*

*Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к. Муратханова М.Б.*

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық — қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Бұл құбылыс адам құқығын бұзып қана қоймай, отбасылық құндылықтарға да зиян келтіреді. Зорлық-зомбылықтың себептерін анықтап, оны болдырмау жолдарын жетілдіру — бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылы қабылданғаннан бері 77 жыл өтті. Осы уақыт ішінде азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғау мәселелері халықаралық және ұлттық деңгейде өзекті бағыттардың бірі болып қалуда. Соңғы жылдары ерекше назар аударуды қажет ететін күрделі мәселелердің бірі – отбасы және тұрмыстық қатынастардағы зорлық-зомбылық.

Бұл мәселе адамның теңдікке, кемсітушіліксіз өмір сүруге, еркін ерік білдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға құқығы сынды негізгі қағидаттармен тікелей байланысты. Адамды

физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық зорлық-зомбылықтан қорғау – заманауи қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі.

Отбасындағы зорлық-зомбылық жеке тұлғаның қауіпсіздігіне төнген қауіп қана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның моральдық-этикалық негіздеріне, отбасы институтына және қоғамдық тәртіпке әсер ететін күрделі құбылыс болып табылады.

Бүгінде 155 елде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңдар қабылданса да, оларды орындау және бұзушыларды жауапқа тарту мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Бұл тек адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян ғана емес, сонымен қатар денсаулық сақтау, құқық қорғау және сот жүйелеріне түсетін экономикалық жүктемені де арттырады.

Отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық – адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына, атап айтқанда өмір сүру, еркіндік, ар-намыс, жеке өмірге қол сұғылмау құқығына қарсы жасалатын әрекет. Бұл тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін әлеуметтік құбылыс.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қандай түрлері бар?

Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және (немесе) экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін. Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру. Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту. Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер. Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың негізгі себептері

1. Әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жұмыссыздық (55,9%)

Бұл – ең жиі кездесетін себеп. Отбасындағы қаржылық қиындықтар, тұрақсыз табыс, кедейлік, баспана жетіспеушілігі сияқты факторлар отбасылық қатынастарда шиеленіс туғызады. Мұндай жағдайда адамдар стресске ұшырап, өз ашуын жақындарынан алуы мүмкін. Жұмыстың болмауы адамда өзін қажетсіз сезіну, қорқыныш, күйзеліс, ашушандық сияқты эмоцияларды тудырады. Бұл да отбасындағы зорлық-зомбылықтың пайда болуына себеп болады.

2. Стереотиптік көзқарастар мен сенімдер (22,7%)

Қоғамда “ер адам – басты”, “әйел үндемей отыруы керек” деген ескірген түсініктердің болуы да зорлық-зомбылыққа жол ашады. Мұндай сенімдер зорлықты ақтап алуға себеп болады.

3. Отбасындағы моральдық-психологиялық, физикалық және т.б. зорлық-зомбылық көріністері (25,4%)

Зорлық тек физикалық қана емес. Моральдық қысым, қорқыту, психологиялық манипуляция да зорлықтың түрі болып саналады. Мұндай қатынас тұрақты сипат алып, отбасындағы ахуалды нашарлатады.

4. Жаман әдеттер: маскүнемдік, нашақорлық, құмар ойындар (52,8%)

Бұл факторлар адамның өзін-өзі бақылау қабілетін төмендетіп, агрессияны күшейтеді. Мас немесе есірткі қолданған адам өз әрекеттеріне жауап бермей, зорлық-зомбылыққа бейім болуы мүмкін.

5. Қоғамдағы агрессияның жоғары деңгейі (13,6%)

Қоғамда стресстік жағдайлар көп болса (мысалы, соғыс, экономикалық дағдарыс), адамдарда агрессия да көбейеді. Бұл да отбасылық зорлықтың артуына әкеледі.

6. Білім мен мәдениеттің төмен деңгейі (15,9%)

Адам неғұрлым білімді және мәдениетті болса, ол дағдарысты жағдайларды күш қолданбай шешуге тырысады. Ал білімсіздік – зорлықты шешім ретінде қарастыруға себеп болады.

7. Отбасындағы зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершіліктің әлсіздігі (15,1%)

Кейде зорлық-зомбылық жасаған адам жазаланбайды. Бұл басқа адамдарға да зорлықты қалыпты іс деп қабылдауға себеп болуы мүмкін.

8. Жұбайына материалдық, қаржылық тәуелділік (15,8%)

Көптеген әйелдер немесе ер адамдар қаржылық жағынан жұбайына тәуелді болғандықтан, зорлық көрсе де кетіп қалуға немесе көмек сұрауға қорқады.

9. Психологиялық ауытқулар, бұзылулар (20,9%)

Кейбір адамдар психикалық ауруға шалдыққан болуы мүмкін. Мұндай жағдайда олар өз эмоцияларын дұрыс басқара алмай, агрессивті әрекетке барады.

1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы әйелдерге қатысты барлық адамдардың теңдігі, қауіпсіздігі, бостандығы, қол сұғылмаушылығы мен қадір-қасиетіне қатысты құқықтар мен қағидаларды әмбебап қолдану қажеттілігін мойындай отырып, Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация жариялады және оны орындау үшін бар күшін салуға шақырды.

Зорлық-зомбылық орын алған жерді және зорлық-зомбылық жасаған адам мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынасты ескере отырып, құжатта зорлық-зомбылықтың үш негізгі мынадай:

1) отбасындағы зорлық-зомбылық;

2) қоғамдағы зорлық-зомбылық;

3) мемлекет тарапынан немесе оған жол берген зорлық-зомбылық нысаны аталған.

Декларацияда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық деп физикалық, жыныстық және психологиялық зорлық-зомбылық көрсетілген, бұл отбасында орын алатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасындағы қыздарға жыныстық мәжбүрлеу, махрға қатысты зорлық-зомбылық, күйеуінің әйелін зорлауы, әйел жыныс мүшелерінің зақымдануы және әйелдерге зиян келтіретін басқа да дәстүрлі тәжірибелер, некеден тыс зорлық-зомбылық және қанауға байланысты зорлық-зомбылық (2-бап).

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы халықаралық заңдар мен елдер тәжірибесі

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар мен құралдардың неғұрлым толық пакеті Еуропа Кеңесінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі конвенциясында (Істамбұл конвенциясы) көзделген.

Істамбұл конвенциясында <<тұрмыстық зорлық-зомбылық>> <<отбасында немесе күнделікті өмірде не бұрынғы не қазіргі ерлі-зайыптылар немесе серіктестер арасында, оларды жасаған адам жәбірленушімен бір жерде тұрса да, тұрмасада орын алатын физикалық, жыныстық, психологиялық немесе экономикалық зорлық-зомбылықтың барлық әрекеттерін білдіреді>> (3-бап)

Қылмыстық қудалауды қамтамасыз етуге міндеттей отырып, Конвенция әйелдерге, оның ішінде отбасы мүшелеріне немесе серіктеске қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерінің кең ауқымын анықтайды және тыйым салады, агрессорды қылмыстық қудалауға ерекше назар аударады және қатысушыларды ұлттық деңгейде мінез-құлық үлгілері мен тәжірибелерін өзгерту үшін шаралар қабылдауға міндеттейді.

АҚШ-та тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңдар өте қатаң. Мысалы, Violence Against Women Act (VAWA) 1994 жылы қабылданып, ол әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы заңдардың күшеюіне себеп болды. Бұл заң тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу үшін арнайы қылмыстық жауапкершілікті енгізді, сонымен қатар жәбірленушілерге психологиялық және медициналық көмек көрсету шараларын қамтиды.

Испания – бұл салада алғашқылардың бірі болып арнайы заң қабылдаған мемлекеттердің бірі. 2004 жылы қабылданған «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы кешенді

қорғау туралы органикалық заң» (Ley Orgánica 1/2004) әйелдерге қарсы зорлықты гендерлік сипаттағы қылмыс деп танып, оны тек отбасы ішіндегі мәселе ретінде емес, қоғамдық маңызы бар қылмыс ретінде қарастырады. Бұл заң бойынша ер адам тарапынан әйелге жасалған физикалық зорлық үшін 6 айдан 1 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Егер жәбірленуші жүкті әйел болса немесе зорлық бала көзінше жасалса, қылмыскер 1 жылдан 5 жылға дейін, ал қайталанған немесе ауыр дене жарақатын келтірген жағдайда – 5 жылдан 10 жылға дейін түрмеге қамалуы мүмкін. Сонымен қатар, қорғау ордерін бұзған адамға 6 айдан 1 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе айыппұл салынады.

Канадада отбасылық зорлық-зомбылық «Gender-Based Violence» ретінде қарастырылып, Қылмыстық кодексте нақты баптармен көрсетілген. Мәселен, s.265 бабы бойынша отбасылық шабуыл – 6 айдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады. Ал егер ауыр дене жарақаты келтірілсе (s.268), қылмыскер 10 жылдан 14 жылға дейін түрмеге қамалады. Қорқыту, психологиялық қысым жасау немесе қудалау (s.264) – 10 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады. Канадада жәбірленушілерге құқықтық, психологиялық көмек, уақытша баспана ұсынылып, зорлық жасаушыларға қатысты сот шектеу бұйрығын шығара алады.

Швеция да зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік саясатын ұстанады. Мұнда отбасындағы зорлық үшін арнайы баптар қарастырылған және бұл әрекеттер жалпы қылмыстық құқықбұзушылық ретінде қарастырылады. Жеңіл дене жарақаты үшін қылмыскерге айыппұл немесе 1 жылға дейін түрме жазасы белгіленеді. Ал ауыр жағдайларда – 6 жылдан 10 жылға дейін, қайталанған немесе аса қатыгездікпен жасалған қылмыстар үшін 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Сонымен қатар, Швецияда зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға арналған дағдарыс орталықтары мен қауіпсіз үйлер бар.

Норвегияда Қылмыстық кодекске сәйкес, отбасындағы зорлық – бұл ауыр қылмыс болып саналады. Мұнда бірінші рет жасалған физикалық немесе психологиялық зорлық үшін қылмыскерге 6 айдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Ал егер зорлық қайталанса, ауыр жарақатпен немесе балаға қатысты жасалса – 15 жылға дейін түрме жазасы қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, зорлық жасаушыларға арналған психологиялық түзету бағдарламалары міндеттеледі. Жәбірленушілерге құпия көмек көрсету, тұрғын үймен қамтамасыз ету, құқықтық көмек сынды кешенді қолдау жүйесі бар.

Австралия да бұл мәселе бойынша қатаң заңдар қабылдаған. Елде «National Plan to End Violence against Women and Children 2022–2032» атты ұлттық жоспар жүзеге асырылады. Бұл құжат әйелдер мен балаларды қорғауға, зорлықтың алдын алуға және қылмыскерді жазалауға бағытталған. Штаттарға байланысты жаза мерзімі әртүрлі: мысалы, Жаңа Оңтүстік Уэльс штатында физикалық отбасылық зорлық үшін 2 жылдан 7 жылға дейін, ал аса ауыр қылмыс – 25 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады. Сонымен қатар, полиция зорлықтың нақты қаупі бар деп тапса, сот шешімін күтпестен қорғау ордерін бере алады.

Осы елдердің тәжірибесінен байқағанымыздай, дамыған мемлекеттерде отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы кешенді заңнамалық және институционалдық шаралар бар. Олар тек қылмыскерді жазалаумен шектелмей, жәбірленушіні қорғау, қолдау көрсету және қоғамда зорлықты болдырмауға бағытталған алдын алу жұмыстарын да қатар жүргізеді. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де маңызды, себебі біз де өз заңнамамызды халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, отбасындағы зорлық-зомбылықпен күресті жаңа деңгейге көтеруіміз қажет.

#### Статистика

Халықаралық статистикаға сүйенсек, БҰҰ-ның “Әйелдер – UN Women” ұйымының 2021 жылғы мәліметтері бойынша, әлем бойынша 15 жастан асқан әрбір үшінші әйел – шамамен 736 миллион әйел – өмірінде кемінде бір рет физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық көрген. Жыл сайын 45 мыңнан астам әйел қазіргі немесе бұрынғы серігінің қолынан қаза табады. Бұл көрсеткіштер жағдайдың қаншалықты күрделі екенін айғақтайды.

Қазақстандағы отбасылық зорлық-зомбылықтың жағдайы әлемдік деңгейдегі статистикаға ұқсас. 2023 жылдың қорытындысы бойынша, елімізде бұл мәселе ерекше назар аударуды талап етеді. Жыл сайын зорлық-зомбылықтың құрбаны болып отырған әйелдердің саны өсуде. Сонымен қатар, ресми мәліметтерге сәйкес, елде отбасылық зорлыққа қарсы күрес шаралары қолға алынғанымен, мәселенің түпкі шешімі әлі табылмаған.

2022 жылы Қазақстанда 20 000-нан астам әйел тұрмыстық зорлыққа ұшыраған. Бұл ресми түрде тіркелген деректер ғана. Шын мәнінде, зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің саны бұдан да көп болуы мүмкін, себебі көптеген әйелдер қорқыныш пен ұяттан немесе отбасылық абыройды сақтау мақсатында өздеріне жасалған зорлық туралы айтпайды.

Алматы қаласы бұл тұрғыда ерекше көрсеткішке ие. 2022 жылы Алматыда 1 000-нан астам тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайы тіркелген. Бұл тек бір ғана қала бойынша көрсеткіш, бірақ оның масштабы бүкіл елдегі жағдайды толық көрсету үшін жеткілікті.

Алматы сияқты ірі мегаполистерде зорлық-зомбылықтың көп болуы қала тұрғындарының тығыздығы мен әлеуметтік мәселелердің бар екенін айқындайды.



Қазақстандағы қазіргі жағдай және резонансты мысалдар

Соңғы жылдары Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты қоғамның назары артып келеді. Бұл, бір жағынан, әлеуметтік желілер мен БАҚ-тың белсенділігінің артуымен, екінші жағынан – шектен шыққан, ауыр зардаптармен аяқталған жағдайлармен байланысты.

Қуандық Бишімбаев ісі

Қазіргі таңда Қазақстандағы ең резонансты істердің бірі болып Қуандық Бишімбаевтың ісі саналады. 2023 жылдың соңында елдің экс-министрі Қуандық Бишімбаевтың өзінің жұбайы Салтанат Нукенованы жүйелі түрде ұрып-соғып, нәтижесінде оның өліміне себеп болғаны туралы ақпарат қоғамда үлкен дүрбелең тудырды. Бұл оқиға көпшілік арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қаншалықты қауіпті және ауыр зардаптарға әкелетінін тағы да дәлелдеді. Бишімбаевтың аты әлемге тарағаны мен оның өз әйелімен осындай қатыгез әрекетке баруы қоғамның моральдық құндылықтарына қайшы келді.

Бұл оқиға қазақстандық қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнаманы күшейту және оны бақылау жүйесін жақсарту қажеттілігіне деген талапты тудырды. Сонымен қатар, бұл жағдай құқық қорғау органдары мен мемлекетке тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында қосымша шаралар енгізу керектігін көрсетті.

Күйеуі 5 рет пышақ сұққан 39 жастағы Раушан Фирманованың қазасы

2022 жылы Шымкентте Раушан Фирманованы бұрынғы күйеуі пышақтап кеткен. 3 ай бірге тұрған күйеуі оны қорқытып, бопсалағандықтан, әйел одан кетемін деп шешім қабылдаған. Алайда 50 жастағы ер адам оны аңдып, көлікке күштеп отырғызып, артынша пышақтап тастаған. Мойнына үш рет, жүрек тұсы мен тобықтың үстіне сұққан. Сараптама нәтижесі бойынша әйел 2 минутта жан тапсырыпты.

Заңгер Айман Асанованың өліміне қатысты аффект жағдайында жасалған деп күйеуіне жеңіл жаза тағайындалуы.

2023 жылы Алматыдағы заңгер Айман Асанованың өлімі де көптің наразылығын туғызды. Талғат Нұртаев пен марқұм Айман 2019 жылы отау құрған. Алайда үш жылдан кейін екеуі ажырасады. Ол бұрынғы әйелінің үйден шыққанын күтіп тұрған, Асанова кетпек болған кезде оны 18 рет пышақтап, оқиға орнынан қашып кеткен.

Ең сорақысы, судья оны аффект күйінде қылмыс жасады деп, 1,5 жылға ғана соттайды. Тергеу изоляторындағы әр күні 2 күнге теңестірілгендіктен, ол 9 ай ғана жазасын өтейтін болып шықты. Бұл іске қатысты қоғамда дау шығып, бәрі қарсы шығады. Нәтижесінде үкім күшін жойып, аффект жағдайы алып тасталды және қылмыс құрамы қайта сараланды.

Бұл кезде сот алқабилер қатысуымен өтті. Алқабилер ер адам әйелін қасақана өлтірді деп танып, Талғат Нұртаев 11 жылға бас бостандығынан айырылды.

Мемлекеттік шаралар

1. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заң (2009)

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес үшін 2009 жылы арнайы заң қабылданды. Бұл заң тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құрбандарға көмек көрсету, қылмыскерлерді жауапкершілікке тарту мақсатында бірқатар маңызды механизмдер қарастырады. Заңның негізгі мақсаты – зорлық-зомбылықты болдырмау, жәбірленушілерге көмек көрсету және құқық қорғау жүйесінің қызметін жетілдіру.

• Қорғау ордері: Заң бойынша, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына қорғау ордері шығаруға болады. Бұл ордер арқылы зорлық жасаушыға жәбірленушіге жақындауға тыйым салынады.

• Дағдарыс орталықтары: Әйелдер мен балаларға көмек көрсету мақсатында дағдарыс орталықтарын ұйымдастыру қарастырылған. Алайда, бұл орталықтардың саны жеткіліксіз.

• Психологиялық және құқықтық көмек: Заң тұрмыстық зорлыққа ұшыраған тұлғаларға психологиялық және құқықтық көмек көрсету міндетін қояды.

2. Әлеуметтік қорғау және ақпараттық кампаниялар

Мемлекет тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы ақпараттық кампаниялар жүргізеді. Бұл кампаниялар қоғамды зорлық-зомбылықтың зиянды әсерлеріне және оған қарсы күресуге бағытталған. Мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық ұйымдар бірлесіп, тұрмыстық зорлыққа қарсы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізеді.

3. Жәбірленушілерге көмек көрсету бағдарламалары

Мемлекет тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына уақытша баспана беру, медициналық көмек көрсету және психологиялық қолдау көрсету үшін арнайы бағдарламалар іске асырады. Бұл бағдарламалар жәбірленушілердің құқықтарын қорғау, олардың қайта қалпына келуіне көмектесу мақсатында жұмыс істейді.

4. Полиция мен құқық қорғау органдарының жұмысын күшейту Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте полиция мен басқа да құқық қорғау органдарының рөлі маңызды. Полиция қызметкерлері арнайы тренингтерден өтіп, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға жедел көмек көрсету үшін дайын болуы тиіс.

Құқықтық жауапкершілік мәселелері

## 1. Қылмыстық жауапкершілік

Қылмыстық кодексте тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ауыр түрлеріне қатысты жазаларды белгілейді.

- 110-бап (Қинау): Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың нәтижесінде адамды психологиялық немесе физикалық тұрғыда қинау қылмыс болып табылады. Қинау жасаған адамға қылмыстық жаза, оның ішінде бас бостандығынан айыру жазасы берілуі мүмкін.

- Жеке тұлғалар үшін: 3 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

- Топ болып қинау: 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғуы мүмкін.

- Қинау салдарынан ауыр денсаулыққа зиян келтіру: 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

- 111-бап (Денсаулыққа ауыр зиян келтіру): Егер тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан денсаулыққа ауыр зиян келтірілсе, онда бұл әрекет ауыр қылмыс ретінде қарастырылады. Жәбірленушіге денсаулыққа ауыр зиян келтірген адам ауыр жазаға тартылады.

- Ауыр денсаулыққа зиян келтіру: 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

- Қасақана ауыр денсаулыққа зиян келтіру: 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы

- 120-бап (Күйеуінен немесе отбасы мүшелерінен зорлық көру): Бұл бап бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адам қорғауға алынады және зорлық жасаған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

- Отбасылық зорлық жасау: 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеулі еркіндік жазасы берілуі мүмкін.

- Отбасына ауыр зиян келтіру: 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

## 2. Әкімшілік жауапкершілік

73-бап (Тұрмыстық зорлық-зомбылық): Егер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеңіл түрлері байқалса, оны жасаған адам әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл жағдайда айыппұл немесе әкімшілік қамау шаралары қолданылуы мүмкін.

- Әкімшілік айыппұл: 10-нан 20 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) дейін айыппұл салу.

- Әкімшілік қамауға алу: 5 күнге дейін қамауға алу жазасы тағайындалады.

## 3. Қорғау ордері мен басқа да шаралар

Заң бойынша, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарға қорғаныс ордері шығарылады. Бұл ордерлер арқылы зорлық жасаушының жәбірленушіге жақындауына тыйым салынады. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекеттерді қадағалау үшін құқық қорғау органдары арнайы жүйелер мен механизмдер арқылы қадағалауды жүзеге асырады.

Қорытынды:

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бұл қоғамдағы ең өзекті және күрделі мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасында бұл мәселені шешу мақсатында заңдар мен мемлекеттік шаралар қабылданып, құқықтық жауапкершілік жүйесі қалыптасқанымен, көптеген мәселелер әлі де өз шешімін тапқан жоқ. Қабылданған заңдар мен құқықтық актілер тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізуде маңызды рөл атқарғанымен, олардың толыққанды іске асуы үшін дағдарыс орталықтарының жетіспеушілігі, құқық қорғау органдарының дайындығы, ақпараттық кампаниялардың күшейтілуі, сондай-ақ қоғамдық сананы өзгерту қажет.

Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тек қана құқықтық негізде емес, қоғамдағы жалпы мәдениет пен түсініктерді өзгерту арқылы жүзеге аса алады. Бұл тұрғыда білім беру, психологиялық қолдау, зорлық-зомбылықтың құрбандарына көмектесу үшін қосымша шаралар қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысын күшейту маңызды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңдар мен шаралар қазіргі таңда тиімді болу үшін тек заңның қабылдануы жеткіліксіз, оны дұрыс жүзеге асыру және нақты әрекеттерге көшу қажет. Қоғамда зорлық-зомбылыққа қарсы сананың қалыптасуы, құқық қорғау органдарының тиімді жұмысы мен жәбірленушілерге көрсетілетін көмек жүйесінің жетілдірілуі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Осылайша, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тек құқықтық салада ғана емес, әлеуметтік, мәдени және психологиялық тұрғыда да кешенді шаралармен қолдау табуы тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- [1] [https://www.gov.kz/uploads/2024/4/10/10b89acfc42a3dc0e7f4dab184f1c86a\\_original.11657711.pdf](https://www.gov.kz/uploads/2024/4/10/10b89acfc42a3dc0e7f4dab184f1c86a_original.11657711.pdf)
- [2] [https://api.kipd.kz/storage/uploads/images/2024/08/01/nd-sbn-2021-1\\_1722532184.pdf](https://api.kipd.kz/storage/uploads/images/2024/08/01/nd-sbn-2021-1_1722532184.pdf)
- [3] [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_)
- [4] <https://histecon.wku.edu.kz/images/pravo/zan2021-3-34-38.pdf>
- [5] <https://stan.kz/kazakstandik-ayelderin-kanimen-kelgen-zan-tyrmistik-zo-398519/>
- [6] [https://ruh.kz/turmystyq-zorlyq-zombylyq-sebepteri-saualnama\\_23788/](https://ruh.kz/turmystyq-zorlyq-zombylyq-sebepteri-saualnama_23788/)
- [7] <https://azattyq-ruhy.kz/society/78947-zorlyk-zombylyktyn-sebebi-men-saldary-otbasylyk-m-denietti-zhang-yrtudyn-zholdary-kandai/amp>
- [8] <https://egemen.kz/amp/article/362340-zhanha-norma-dgasyryn-qylmysqa-dgol-bermeydi>
- [9] <https://osdp.kz/ru/novost/trmysty-zorly-zombyly-oam-dertine-ajnalyp-otyr>
- [10] <https://abai.kz/post/165924>
- [11] <https://www.zqai.kz/kk/node/15639>

**УДК 343.352**

## **СОВЕРШЕСТВОВАНИЕ ПРЕВЕНТИВНЫХ МЕР В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ В РК**

**А.А.Тюлегенова**

Студентка 2 курса юридического факультета,

**Р.Е.Куатова**

студентка 2 курса высшей школы образования, Евразийского  
национального университета имени Л.Н. Гумилева,

Научный руководитель: кандидат юридических наук, Ашимова Э.А.

Как мы указали выше коррупция является одной из крупнейших проблем нашей страны, которая влечёт за собой следующие последствия.

Во-первых, экономический урон. Коррупция подрывает экономическое развитие, поскольку средства, предназначенные для строительства инфраструктуры, улучшения здравоохранения и образования, расходуются неэффективно или присваиваются. В результате экономика замедляется, а приток инвестиций сокращается.

Во-вторых, скептицизм к власти. Коррупция подрывает доверие граждан к государственным институтам, что негативно сказывается на политической легитимности правительства. Это вызывает разочарование среди населения, снижает гражданскую активность и ослабляет социальную стабильность.